

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№

2020 жылғы 5 маусым

**Облыс әкімдігінің 2019 жылғы облыстық
бюджеттің атқарылуы туралы есебі**

«2019 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы» облыстың қаржы басқармасының басшысы Қ.М.Райымқұловтың, Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы С.Еңсегенұлының және облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының қорытындысын тыңдап, облыстық мәслихат, 2018 жылғы 10 желтоқсанда бекітілген және 2019 жылдың бюджетін атқару барысында нақтыланған «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың шешімі, нақтыланған көрсеткіштерден кірістер бойынша 101,0 пайызға, алынған нысаналы трансферттер бойынша 100 пайызға орындалды.

2019 жылғы облыстық бюджеттің шығыс бөлігі 100 пайызға игерілді, түзетумен жоспарланған 217 394 612,7 мың теңгеден 217 312, 491,5 мың теңгеге игерілді.

Осыдан басқа, республикалық бюджеттен жалпы сомасы 87 036 100,0 мың теңгеге нысаналы трансферттер бөлінді, соның ішінде, білім беру объектілерін салуға және қайта жаңартуға, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жайластыруды дамытуға, дәрілік құралдарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға, құрылысты дамытуға, денсаулық сақтау объектілерін қайта жаңартуға, көліктік инфрақұрылымды дамытуға, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге, жылу-энергетика жүйесін дамытуға, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға бөлінді.

Республикалық бюджеттен жылу-сумен жабдықтау мен суағарлар жүйесін салуға және қайта жаңартуға, мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін бюджеттік несиелер бөлінді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджеттік кодексінің 130-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) және 9-1)

тармақшаларына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыс әкімдігінің 2019 жылғы облыстық бюджеттің кірістер бойынша 46 534 982,0 мың теңге соммасында, алынған нысаналы трансферттер 149 568 682,2 мың теңге соммасында, шығындар бойынша 190 232 935,5 мың теңге соммасында, бюджеттік кредиттер бойынша 12 801 654,0 мың теңге, қарыздарды өтеу бойынша 14 277 902,2 мың теңге соммасында, бюджет тапшылығын қаржыландыру 3 123 145,5 мың теңгемен нақты орындалуы туралы есебі бекітілсін.

2. Ақтөбе облысының Тексеру комиссиясының 2019 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы есебі назарға алынсын.

3. Облыс әкімдігіне:

1) бюджетке салықтық және басқа да міндетті төлемдердің түсуін толық қамтамасыз ету бойынша жұмысты жандандыру, сонымен қатар облыстық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінің орындалуына ай сайынғы мониторингті және талдауды жүзеге асыру;

2) тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізе отыра бюджет қаражатын тиімді және мақсатты пайдалану бойынша бақылауды күшейту;

3) бюджеттік қаражаттарды басқару бойынша мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін бағалаудың сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету;

4) шығыстарды сапалы жоспарлауды және бюджет бағдарламаларын орындауды қамтамасыз ететін, облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басшыларының жауапкершілігін арттыру бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясына ұсынылсын:

1) есептік кезеңге бюджет қаражатын қамту көлемін ұлғайтуды қарастыратын қадағалау шараларының тиімділігін арттыру;

2) бақылауды күшейту және әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану арқылы аудит қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің мүлтіксіз және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету;

3) Тексеру комиссиясының тапсырмалар мен ұсынымдарды орындау бойынша қабылдаған шешімі туралы (алу, ұзарту туралы) оларды хабардар ету бойынша аудит объектілерімен кері байланысты қамтамасыз ету.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

К. КЕНЖЕБАЕВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА